

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің 60 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары– 13: дәстүрлерді сақтай отырып, болашақты құру» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 13: сохраняя традиции, создавая будущее», посвященная 60-летию Казахского агротехнического университета имени С.Сейфуллина. - 2017. - Т.1, Ч.6. - С.105-109

ЖҮЙЕЛІЛІК ТҰРҒЫ НЕГІЗІНДЕ ДУАЛДЫ ОҚЫТУДЫҢ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Тасманбекова Н. Д.

Қазақстан Республикасының индустриалды-инновациялық дамуның заманауи міндеттері дуальды оқытуды іске асыруға отандық білім беру жүйесінің жеделдетілген жағдайының сәйкестігі болып табылады.

Аталған мәселенің өзектілігі бірнеше себептерге байланысты туындап отыр, оның ішінде экономиканың, қоғамның және тұтас мемлекеттің стратегиялық және инновациялық жаңаруын іске асыра алатын мамандарды қалыптастыру қажеттілігін айтуға болады. Сонымен қатар, жеделдете оқытуды алға итермелейтін жүйелі және негізгі фактор үнемі жаңарып отыратын (жеделдетілген мағынада) стратегиялық мақсаттар. Қазіргі жеделдете оқыту осы стратегиялық мақсаттар мен болашаққа қойылған міндеттерді іске асыратын мамандарды даярлауы тиіс.

Бүгінгі таңда білім беруді жеделдете дамыту парадигмасы және жеделдете дуалды оқыту мәселесі нақты көрініс тауып отыр. Бұл мәселе белгілі бір эксперименттерді жүргізумен шектелмей мамандарды жеделдете даярлаудың теориялық-әдіснамалық, әдістемелік және басқа да негіздерін белсенді түрде қалыптастыруды талап етеді.

Ұзақ уақыт бойы жүргізілген зерттеулеріміз көрсеткендей дуальды оқытудың мақсат міндеттерін іске асырудың басты шарты оның жүйелілік тұрғыға негізделуі. Жүйелілік тұрғы негізінде субъектілердің жүйелілік көзқарасын, жүйелі ойлау білік, дағдыларын қалыптастыру мүмкіндіктері анағұрлым жоғары болады. Екінші жағынан жүйелі ойлау стилін жеделдете меңгерту, сондай-ақ танудың жүйелі әдістерін және қоршаған ортаны қайта тану, заманауи мамандарды жеделдете даярлау міндеттерін сапалы және тиімді шешу үшін жүйелілік тұғыр әдістерін белсенді дамытуға ықпал етеді.

Білім алушылардың жүйелі ойлауын сабақтаса қалыптастыру дуальды оқытудың мақсаты, негізі және құралы ретінде олардың интеллектуалдық қабілеттерін дамытуға айтарлықтай әсер етуі, өз кезегінде өсіп келе жатқан ұрпақтың және болашақ мамандардың жаңадан қалыптасқан жағдайларда өзіндігіне білім алып және өзіндік даму үстінде белсенді жұмыс істеп өмір сүрулерін қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасында дуальды оқыту білім алушының, білім беру мекемесінің және өндірістің тең құқығында мамандарды білім беру мекемесінде оқытудың міндетті кезеңдері мен өндірістегі жұмыс орны ұсынылатын тәжірибемен және білім алушыларға өтемақы ұсынуды үйлестірген маман дайындау формасы ретінде анықталды [1; 2].

Г.А.Федотова өзінің зерттеулерінде кәсіптік білім берудің дуальды формасын дәстүрлі білім беру мекемесінде оқыту мен өндірісте ішінара жұмыс істеп практикалық оқуды үйлестірген білім беру үдерісі ретінде сипаттайды [3].

Орыс-неміс сөздігіне сәйкес дуальды оқыту - бұл теориялық және практикалық білімді бір уақытта алатын кәсіптік білім берудің аралас моделі [4].

Біздің ойымызша, қазіргі дуальды оқыту - бұл білім алушыны алдағы кәсіби қызметінің базалық білімдерін және кәсіби бағдар негізі схемасын (ұсыныстар, ережелер, нұсқаулар, жұмыс істеу алгоритмі және т.б.) меңгерту нақты тәжірибелік іс-әрекет жағдайында жетекшінің және үйретуші мамандардың басқаруымен іске арсыру арқылы дайындау үдерісінің өзара байланысты жиынтығы.

Қазақстан Республикасының "Білім туарлы" заңына сәйкес отандық білім беру жүйесінің негізгі міндеттерінің бірі жұмыс берушілермен және басқада әлеуметтік серіктестермен белсенді қарыс - қатынас жасай отырып техникалық және кәсіптік білім беруді жеделдете дамытуды қамтамасыз ету болып табылады [1].

Жеделдете дуалды оқытудың маңызды факторлары: іс-әрекеттің тиімді түрлерін жедел меңгеру және соған сәйкес ойлау қабілетінің болуы, қоршаған ортаның шындығын толық жедел тану әдістерін игеруге саналы түрде ұмтылу және білім алушының жеткен деңгейдегі білім және білігінен оза білу қабілеті. Танымдық іс-әрекетті ұйымдастыру тәсілі ол жайында меңгерілетін білім мазмұнымен анықталады, бұл үрдістегі практикалық іс-әрекет ойлау тәсіліне айналады.

Бізбен жобаланған және ұсынылған жүйелілік тұрғы негізіндегі бағдардың жүйелілік типі ақыл-ой әрекетінің жүйелілік сипатын қалыптастыруға бағытталған. Бұл ретте іс - әрекет тәсіліне ойлау тәсілінің тәуелділігі ескеріледі.

3.А Решетованың редакциясымен басылып шыққан "Оқытудағы жүйелі ойлауды қалыптастыру" атты еңбекте, жүйелі зерттеу моделі бойынша оқу - танымдық іс- әрекетті ұйымдастыру пән жөніндегі, оның мазмұны, жалпылау формасы, тұжырымдамалық жүйеге ұйымдастыру тәсілі, пәннің теориясын құрастыру принципі білімдерін қалыптастыратын құрылымдарды анықтайды; пәнде жүйелі бағдар типі жаңаша ойлау тәсілі ретінде пәнді жаңаша көруді қалыптастырады. Меңгеру үдерісі ойлау тәсілдерін қалыптастыратын іс - әрекет болып табылады. Міндеті жүйелі ойлауды қалыптастыратын, дамытатын және қолданатын іс-әрекеттерді тудыруды ұйымдастыру болып табылады [5].

Жүйелі ойлау субъектінің іс-әрекетімен, жүйелі көзқарасына байланысты және қоршаған ортанының шындық объектілерін жүйелі тануымен, зерттелетін ақпаратты жүйелі құрылымдаумен, жобалаумен және жүйелердің сәйкес келетін моделдерін зерттеу және т.б. анықталады.

Жүйелілік тұғыны іс асыру тиісті жүйелі әдістерді ұсынып, оларды білім алушылардың меңгеруін қамтиды. Бұл әдістерді оқыту үдерісінде және өзіндік жұмыстарды ұйымдастыруда жүйелі түрде қолдану белгілі бір жүйелі көзқарастардың қалыптасуына септігін тигізеді. Аталған үдерістің ерекшелігі дәстүрлі оқыту аясында оның құрамдас дамытушысы ретінде іс асырлатындығында [6].

Жүйелілік тұрғы және жүйелі ойлау біліктілігі мен дағдысын тиімді қалыптастыру базалық оқулықтар және оқу құралдары арқылы қол жеткізіледі. Бұл ретте оқу материалдары жоғарыда айтылған арнайы жобаланып ұсынылған

жүйелілік әдістер арқылы өңдеуге толық ақпараттық жүйе ретінде қарастырылады [7, 8].

Оқыту үдерісінде білім алушылар оқу материалын ақпараттық жүйе ретінде талдауды; синтездеуді, жүйелеуді, нақтылауды және ақпараттық талдау үдерісінде анықталған мәліметтерді жалпылауды және нақтылауды; анықталған ақпараттың тұжырымдамалық моделін құрастыруды; қорытынды тұжырымдауды (көбінесе жазбаша); оқу материалымен жүргізілген жұмыстың нәтижесін ұжыммен талқылауды жүзеге асырады. Жүйелі түрде орындалатын синтетикалық іс-әрекет білім алушының шығармашылық қабілетін дамытуға ықпал етеді. Болашақ маманның жетекші құзыретіне: алған білім, білік, дағдысын стандарт (оқу іс-әрекеті және оның нәтижесі білім беру стандарттарына сәйкес келеді), шығармашылық және зерттеуші деңгейінде қолдана білу.

Оқытудың маңызды сәті алдағы кәсіби іс-әрекеттің бағдар негізі схемасын (нұсқаулар, ережелер, схемалар, ұсыныстар, тәжірибелік іс -әрекеттің алгоритмі, стандарттар және т.б.) ұжыммен жобалау немесе қолдану болып табылады.

Бірінші кезеңге оқу материалының негізгі кезеңдерінің тұжырымдамалық моделін, алдағы кәсіби іс - әрекеттің бағдар негізі схемасын, сондай-ақ, оған қажетті біліктілік және дағдысын меңгеру жатады. Бұл кезеңді базалық білім беретін стандарттарға сәйкес білімдер, біліктіліктер және дағдыларды қалыптастыратын кезең деп санауға болады.

Алынған білім, білік және дағдылар сондай-ақ алдағы кәсіби іс - әрекеттің бағдар негізі схемасын өз уақытында маманның басшылығымен және бақылауымен жұмыс орнында қолданулы тиіс. Бұл кезеңде алынған білімді ғана емес, сондай-ақ, меңгерілген болашақ кәсібінің іс-әрекет бағдар негізі схемасын (нұсқаулар, ережелер, схемалар, ұсыныстар, тәжірибелік іс -әрекеттің алгоритмі, стандарттар және т.б.) тәжірибеде тексеру жүзеге асырлады.

Жүйелілік тұғырға негізделген жеделдете дуальды оқыту білім алушылардың жүйелі және басқа тиімді ойлау біліктілік және дағдыларын жеделдете дамытуға, негізгі және жүйелі білімдерді жедел қалыптастыруға ықпал ететін танымдық, теориялық және тәжірибелік іс-әрекеттерді іске асыруға, сонымен қатар, қажетті құзіреттіліктерін қалыптастыруға кететін шығындарды барынша азайту үшін арнайы ұйымдастырылған үдеріс.

Білім алушының жүйелі ойлауын қалыптастыру - оның көпжақты дамуының негізі, кәсіби бағдардың жалпы қағидасымен кез келген іс-әрекетті ұйымдастыра білу қабілеті [5].

Білім алушының қазіргі және алдағы танымдық, тәжірибелік және өзге іс-әрекеттерінің кәсіби бағдар негізін жедел қалыптастыру нәтижесіне көп нәрсе тәуелді. Сонымен қатар, шығармашылық, жүйелі және жедел ойлау стилін дамыту үшін жағдай жасалады.

Біз ұсынған жүйелілік тұрғыдан негізделген дуальды оқыту технологиясында тәжірибелік және танымдық іс-әрекетті ұйымдастыру және іске асыру жүйелілік тұрғыдан орындауда кәсіби бағдар негізі қолданылады. Мұндай кәсіби бағдар негізі білім алушының міндетті түрде меңгеруі тиіс әдістің көмегімен дербес құрастырылады. Соның негізінде білім алушылардың шығармашылық, жүйелі және жедел ойлау стилін дамытуға жағдай жасалады. Оқыту үдерісінде бір уақытта алдағы кәсіби іс-әрекетінің бағдар негізі және оны жүзеге асыра алатындай етіп қалыптастыра отырып дамытылады: жедел басқара білу, стратегиялық мақсат және міндеттерді тиімді жобалау және іске асыру,

инновацияны жобалау және тиімді іске асыру, ғылыми - техникалық және технологиялық прогресс, шешім дайындау және қабылдау үшін және т.б.

Жүргізілген зерттеулер нәтижесінде жүйелілік тұрғы негізінде танудың тиімді әдістерін теориялық және практикалық меңгеру білім алушылардың жүйелі танымдық және практикалық іс әрекеттерін қалыптастыруға, дамытуға және оларды тиімді қолдана білуге айтарлықтай әсер ететіндігі және өнімділігін арттыратындығы анықталды.

Жүйелілік тұрғы негізінде дуальды оқыту технологиясын іске асыру тәжірибесі білім алушылардың интеллектаульдық дамуының тиімділігі мен сапасы олардың бойында жүйелілік тұрғы және жүйелі ойлау білігі мен дағдысының болуына тәуелді екендігін көрсетті.

Әдебиттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының "Білім туралы" заңы 2007 жылғы 27 шілде ПАРАГРАФ Ақпараттық жүйесі.

2. "Дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы". Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 50 бұйрығы ПАРАГРАФ Ақпараттық жүйесі.

3. Федотова Г.А. Развитие дуальной формы профессионального образования: Опыт ФРГ и России. Автореферат диссертации на соискание ученой степени доктора педагогических наук. – М., 2002.

4. Формирование системного мышления в обучении: Учебное пособие для вузов / Под ред.З.А.Решетовой. – М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2002. – 344 с.

5. Формирование системного мышления обучающихся как условия их интеллектуального развития: Учебное пособие / Сыздықбаева Г.У., Медетбекова Г.О., Куатбекова Л.К. и др. – Тараз: Изд-во института повышения квалификации педагогических работников, 2015. – 97 с.

6. Aitzhan Abdyrov, Temir Galiyev, Maral Yessekeshova, Saule Aldabergenova, Zhuldyz Alshynbayeva “On systems thinking and ways of building it in learning” IJESE-IJESE - International Journal of Environmental and Science Education(ISSN13063065-Turkey-Scopus). – 2016. – Vol. 11. – P. 11149-11161.